

# QAZAQ



# YUNIVERSITETI

№22 (1773)  
27 қазан  
2020 ЖЫЛ

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity)

[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)

[instagram.com/KAZNU\\_FARABI](https://instagram.com/KAZNU_FARABI)

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО АЛҒАШ РЕТ THE WUR BY SUBJECT РЕЙТИНГІНЕ КІРДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Times Higher Education World University Rankings by Subject 2021» пәндік рейтингісінің қорытындысы бойынша ғылыми көрсеткіштерін жақсартып, бірқатар мамандықтар бойынша позициясын күшейтті.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттердің бірі – оқу үдерісін үнемі жетілдіріп отыру мен қазіргі заманғы технологияларды меңгеруді қажет етеді. Осы тұрғыда кезекті онлайн ректорат жиыны бір ай көлеміндегі оқу үдерісі мониторингісінің нәтижелерін талқылаудан басталды.

### ОҚУ ҮДЕРІСІ

«Бүгінгі таңда университет қашықтықтан білім беру жүйесінде «Универ 2.0», «Moodle», «Zoom», «Microsoft Teams» және басқа да ақпараттық білім беру платформаларын пайдалануда. «Универ 2.0» ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемесі болып табылады. Бағдарламалық кешен пәндердің курстары мен оқу-әдістемелік кешендерінің базасын қалыптастыру, жеке немесе топтық дәрістер өткізу, тапсырмалар беру, студенттерге олардың орындалуын қадағалау, курсты меңгеру дәрежесін бағалау сынды басқа да мүмкіндіктер беріп отыр.

Жалғасы 2-бетте

В канун Дня Организации Объединенных Наций КазНУ им. аль-Фараби провел глобальную конференцию, посвященную 1150-летию аль-Фараби, 75-летию ООН, 15-летию Альянса цивилизаций ООН и 10-летию программы ООН «Академическое влияние». Конференция открылась видеобращением к мировой общественности Генерального секретаря Антониу Гутерриша по случаю 75 годовщины ООН.

### РАЗУМ ВО ИМЯ МИРА

Главным лейтмотивом обращения Генерального секретаря ООН стал призыв к объединению во имя мира. Глобальная солидарность и сотрудничество могут помочь преодолеть колоссальные трудности, которые переживает человечество и построить лучшее будущее. Эта мысль и тема конференции «Разум во имя мира» созвучны идеям великого мыслителя Аль-Фараби об объединении людей для построения добродетельного общества.

С приветственным словом на международной онлайн встрече выступили заместитель Генерального секретаря ООН Фабрицио Хохшильд-Драммонда, Верховный представитель Альянса Цивилизаций ООН Мигель Анхель Морраинос, руководитель программы ООН «Академическое влияние» Раму Дамодаран, вице-министр иностранных дел РК Ержан Ашикбаев. Мероприятие высокого уровня, которое нацелено на рассмотрение творческого наследия аль-Фараби в синергии с программами ООН по глобальной гражданственности и устойчивому развитию, собрало руководителей структур и программ ООН, ученых с мировым именем, видных государственных и общественных деятелей, представителей академического сообщества и масс-медиа.

Продолжение на 3 стр.

World University Rankings 2021 by subject: business and economics

The business and economics subject table uses the same trusted and rigorous performance indicators as the Times Higher Education World University Rankings 2021, but the methodology has been recalibrated to suit the individual fields.

The ranking assesses universities by their performance in the following disciplines: business and management, accounting and finance, and economics and econometrics.

Read more...

Show me universities best for overall in any country / region offering any subject

Or, find specific universities al-farabi

RANKING	SCORES	FIND COURSES IN BUSINESS & ECONOMICS			
Rank	Name Country/Region	No. of FTE Students	No. of students per staff	International Students	Female:Male Ratio
501-600	Al-Farabi Kazakh National University Kazakhstan	22,116	4.6	17%	56 : 44

Business and Finance with Foundation Year  
University of Wolverhampton  
United Kingdom  
Official course information

Project Management (with Foundation Year)

THE WUR by Subject-те 11 пән бойынша әлемнің 1500-ден астам үздік университеттері зерделенді. Жаһандық рейтинг әдіснамасы көрсеткіштердің бес тобына біріктірілген және жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметінің түйінді салаларын көрсететін 13 басты индикатор негізінде жасалады. Рейтингті құруға арналған мағлұматтар үш дереккөзден жиналады, олар: статистикалық ақпарат, Scopus библиометрикалық базасы және академиялық сарапшылардан сұрау.

Өткен жылмен салыстырғанда қазақстандық жетекші университет өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты және THE WUR by Subject позициясын нығайтты. Рейтингте ҚазҰУ-дың бизнес және экономика саласындағы

мамандықтары (501-600), инженерия (601-800), физикалық ғылымдар (801-1000) сондай-ақ, әлеуметтік ғылымдар (601+) бойынша мамандықтар аталды.

ҚазҰУ 2020 жылы QS жаһандық рейтингісінің нәтижелері бойынша алдыңғы қатарлы университеттер тізімінде 165-ші орынға ие болып, әлемнің үздік 200 ЖОО-ның қатарына енгенін атап өткен жөн. ТМД елдерінен бұл топқа тек Ломоносов атындағы ММУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ енді. Зерттеу университетіне айнала отырып, жетекші қазақстандық ЖОО басқа да әлемдік деңгейде мойындалған рейтингтерде серпінді ілгерілеуді жалғастыруда.

Өз тілішімізден

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ  
ҰТҚЫРЛЫҚ



2-бет

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ -  
ПАРАСАТТЫ  
ҚОҒАМ ҮШІН!



3-бет

ҚАЗҰУ ОҚЫТУШЫСЫ  
ФОТОБАЙҚАУДАН  
ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



8-бет



# РАЗУМ ВО ИМЯ МИРА

Продолжение. Начало на 1 стр.

Заместитель Генерального секретаря ООН Фабрицио Хохшильд-Драммонд и руководитель программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию Раму Дамодаран поблагодарили организаторов форума и поздравили казахстанцев и мировую общественность с 1150-летием великого мыслителя цивилизации Аль-Фараби. Также они отметили активную деятельность КазНУ возглавляющего с 2014 года четвертый срок подряд Глобальный хаб Программы ООН «Академическое влияние» и продвигающего инициативы Казахстана в этом направлении.

«Выступая в этом году на Генеральной ассамблее ООН Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выдвинул ряд важных и конструктивных предложений для объединения усилий в решении глобальных проблем. Например, создать международное агентство биологической безопасности и международную организацию по продовольственной безопасности», - сказал Раму Дамодаран. По мнению спикера эти и другие инициативы во имя мира заслуживают самого пристального внимания мирового сообщества.

Приветствуя из Нью-Йорка участников международной онлайн встречи Верховный представитель Альянса Цивилизаций ООН Мигель Анхель Морраинос подчеркнул, что для него большая честь быть вместе с ними на юбилейной конференции. «Знания без воспитания, без нравственного начала, могут принести вред, а не пользу», - говорил Аль-Фараби. Эта цитата философа есть суть, на которую могут опираться программы образования глобального гражданства во всем мире. КазНУ имени Аль-Фараби перенял наследие великого гуманиста, выступая за глобальное гражданство. Альянс Цивилизаций ООН гордится своим партнерством с университетом и общими ценностями, которые мы вместе продолжаем продвигать», - сказал Мигель Анхель Морраинос.

Основным спикером от академической общественности выступил ректор КазНУ академик Галым Мутанов,

который отметил, что именно на университеты, которые обладают особым стратегическим кросскультурным потенциалом, возлагается миссия воспитания молодежи на основе интеграции знания и духовности, в духе глобальной гражданственности и устойчивого развития человечества. Являясь Глобальным хабом программы ООН, КазНУ разработал и внедряет собственную модель развития вуза нового поколения - «Университет 4.0». Она нацелена на формирование граждан страны и мира с высокими духовно-нравственными ценностями, ответственных не только за себя, но и за судьбу всего человечества. Данная модель, презентованная в Штаб-квартире ООН в Нью-Йорке, была рекомендована для широкого распространения на международном уровне.

На конференции также выступили директор Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану, Узбекистану Кристина Пиккат, представитель департамента глобальных коммуникаций ООН в Казахстане Властимил Самек, координатор Альянса Цивилизаций в Турции Бекир Карлыга, представители Университета Кастилья-Ла Манча (Испания), Национального Каподистрийского университета Афин (Греция) и других вузов мира.

Участники международной встречи выразили общее мнение о необходимости объединения усилий в деле обеспечения безопасности, мирного и устойчивого развития человечества. Было отмечено, что в этой связи особую актуальность приобретает гуманистическое наследие великого философа Аль-Фараби. Подчеркнув большую роль в этом процессе молодежи и академического сообщества, участники конференции поддержали предложение ректора КазНУ совместно рассмотреть вопрос о разработке плана по объединению вузов мира для достижения развития уровня «Университета 4.0» в соответствии с концепцией ООН глобальной гражданственности.

Соб. корр.

**Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі жанынан құрылған республикалық ақпараттық-ағартушылық штаб өкілдерімен студенттер мен оқытушылардың онлайн-кездесуі өтті.**

## ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ - ПАРАСАТТЫ ҚОҒАМ ҮШІН!



Парасаттылық қағидаттарын талқылауға және жастарды теріс пиғылды практикаға тәзбеушілік рухында тәрбиелеуге арналған кездесу Zoom, Jynalis room платформаларында және «AlFarabiTV» YouTube арнасында тікелей эфирде көрсетілді.

Қонақтарды қарсы ала отырып, ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Шолпан Жаманбалаева еліміздің стратегиялық дамуының басым бағыттарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған кездесудің маңыздылығын атап өтті.

Онлайн-кездесуге ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі төрағасының кеңесшісі, Агенттік жанындағы республикалық ақпараттық-ағарту штабының төрайымы Ырза Тұрсынзадақызы, «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық кеңсесінің басшысы Қайыржан Тоқышев, «Алматы-адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Александр Братенков және ҚазҰУ-дың 500-ден астам студенті қатысты.

Ырза Тұрсынзадақызы ҚазҰУ-дың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін жоғары бағалады және студенттерге арнаған жолдауында болашақ жастардың қолында және оларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін атап өтті. «Біз сіздерге тәуелсіздігімізді, болашағымызды және біздің туымыз - Ұлы дала бостандығының

символын тапсырып сенеміз. Мағжан Жұмабаев айтқанындай, мен де өз тарапымнан: «Мен жастарымызға сенемін!». Иә, біздің ел бай - Менделеевтің бүкіл кестесі жер қойнауында жатыр, бірақ біздің ең басты байлығымыз - жастар. Сіз - біздің әділдігіміз, тазалығымыз, жаңа идеяларымыз және болашағымыз! Біз сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік зұлымдыққа бірге қарсы тұра аламыз. Бірлесіп отырып, біздің ортақ бақытты ертеңімізді құрайық», - деп атап өтті Ы. Тұрсынзадақызы.

Іс-шара барысында қатысушылар ұсыныстармен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы қызметінің оң тәжірибесімен алмасты. Қонақтар Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында баламасы жоқ университеттің Жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен танысты.

Олар сондай-ақ «Саналы ұрпақ» республикалық жобалау офисімен бірлесіп, парасаттылық қағидаттарын ілгерілету жөніндегі негізгі зияткерлік-талдау орталығы болып табылатын ел жастарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен санасын қалыптастыру жөніндегі ғылыми-білім беру кластерін құрайтын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ғылыми-зерттеу орталығының және «Парасаттылық» мектебінде болып қайтты.

Өз тілшімізден

**Қашықтықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және оны жүзеге асырады. Одан бөлек, қашықтықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан және еліміз бен шетелдің кез келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді.**

Еліміздің әр азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде осы қашықтықтан оқыту жүйесі өте тиімді әрі икемді. Сонымен қатар, қашықтықтан оқу

барысында білім алушылар мәдениет арасында байланыс орната алады. Басқа елмен сұхбаттасу үшін, сол елдің мәдениетін жақсы білу үшін білім алушылар қашықтықтан оқу арқылы емін еркін ақпарат алмаса алады.

Қашықтықтан оқыту формасының артықшылықтарымен кемшіліктері де кездеседі. Сол қиындықтарына қарамастан, аға оқытушы Камзина Айман сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, француз тілін жеңіл үйренуге болатын қызықты сайттармен бөлісіп, видеолар көрсетіп сабақты жоғары деңгейде өткізеді, интернетпен болатын ақаулықтарға түсіністікпен қарап, барынша қолдайды. Мұғалім сабақта студенттердің толық қатысуын, және тақырыптың қызықты

болуын қадағалайды, бізге көптеген іс-шаралар, конференциялар жайында алдын ала ақпарат беріп, өз кеңесін айтып, біздің тілді дамытуымызға өз үлесін тигізуде. Қашықтықтан оқытудағы әдістемелер, шет тілдерін жаңа технологиялармен оқыту барысында. Мұғалімнің уақытты үнемді пайдалануы, сабақта қызықты әдістерді қолдануы арқылы сабақ тез, әрі қызықты өтеді. Сондай-ақ мұғалім француздармен бірлесіп өтетін болашақ педагогтарға арналған «Менің мамандығым - Қазақстандағы француз тілі мұғалімі» жобаға қатысып жеңіп алып, бізге білім беру біліктілігімізді арттыруға үлкен мүмкіндік берді.

«Жаңа байланыстар мен жаңа тәжірибелер:ертеңге арналған жоба»

атты вебинар. Жоба жастарды француз тілі мұғалімі мамандығын таңдауға ынталандыруға бағытталған. Жоба кезеңінде оқытушылар және студенттермен шет тілдерін оқыту әдістемесінің, атап айтқанда, оқыту кезінде цифрлық технологияларды қолданудың өзекті мәселелері бойынша онлайн-вебинерлер өткізіледі.

Аталаған вебинар 26 қарашадан бастап, 2021 жылдың наурыз айына дейін жалғасады, бұл біз секілді болашақ педагогтарға теориялық, практикалық тұрғыдан өте маңызды болмақ. Құрметті Камзина Айман Ариповна, сізді осындай жетістігіңізбен құттықтаймыз!

# Elite University Students

**This academic 2020-2021 year I can proudly announce that I am an associate professor at an Elite University in Kazakhstan-al-Farabi National University. And I am happy for the students who have chosen to study at al-Farabi! They can also, like me, be proud that they are the Elite University students. This year is special for our university, al-Farabi has entered the top 165 universities in the world. This is also a special year because we have amazing students, who got accustomed to being the top students at their schools. And it is likely that starting from this year our University will be the high constellation of intelligent students.**



## Distance Learning in KazNU

**The current situation with COVID 19 has shifted the traditional classroom activities to online environments. New technologies have the huge potential to involve students in the learning management system (LMS), offering different tools for delivering material, testing, surveys and facilities to collaborate and make the distance learning close to live communication.**

Kazakh National University offers academic staff the opportunity to use web technologies for synchronous and asynchronous learning. It means that all lessons (practical and theoretical) might be conducted in the form of online interactive instruction (webinars, forums, chats) and any time online instruction (written assignments, tests).

Teachers might use Zoom programme for webinars, WhatsApp for communication and delivering material, KazNU Web 2.0 Univer system for knowledge assessment and providing feedback on learning. However, there are many web-based tools such as Microsoft Teams, Edmodo, Moodle that incorporate all these activities and help to organize distance learning in a more productive way.

Moodle is becoming trendy and popular in higher education because it offers a wide range of resources such as videoconferencing, wikis, survey, hyperlinks, tests, forums, chats and many more. Giving flexibility to teaching and learning it combines the elements of social networking and educational environment. This adds weight to using Moodle for distance learning as a platform that reduces teacher – student isolation.

For the course Foreign Language (for professional communication), a teacher provides students with materials on key topics of the course: Brands, Marketing, Types of organizational structures, Business meetings. Students study the content and in the online seminars discuss the main points and do activities to foster speaking and communication. For example, for the topic Brands students spoke about brand promotion in Kazakhstan using vocabulary which was presented in the form of the task to study in the Moodle. Having understood the material and new words, students spoke about Kazakhstan in the Moodle Big Blue Button video conferencing using words (viral marketing, target audience, catchy tune, product placement, feel good factor, outdoor marketing, sound effects).

Students of the specialty 'Finance' gave feedback on the synchronous / asynchronous learning. Students used the terms: online for synchronous and offline for asynchronous learning.

1. "Personally, I prefer the way you did lessons this week, half online and half offline format. First of all, sometimes I really need speaking practice.

Secondly, offline format of lessons is convenient because it gives us opportunity to study at any time we want."

2. "I think both formats have advantages. Online seminars provide communication with group mates and develop our conversational English. And if it's about offline learning, it helps us develop writing and grammar."

3. "Both options are good. In an online meeting, you can talk, discuss a topic with a teacher, exchange opinions. It's good. But sometimes there is poor connection or technical errors and we may miss the online lesson.

And offline tasks are convenient. We can do the task at a convenient time for us. Well, of course, with limited time. Even in an offline lesson, you can set and solve different types of tasks, and it will be more interesting. Well, for example, we did essays, tests, various assignments. And you can also add various interesting activities. I think both of them are productive. If I chose between these two options, I would choose an offline lesson."

Teachers should explore all the potential of learning platforms to encourage students to study and benefit from new learning opportunities.

**Indira ORAZBEKOVA,**  
**Makpal MYRZAHMET,**  
Foreign language department teachers

Prepared by **A.A. MULDAGALIYEVA**

the right decision. My parents advised me to choose this specialty, because biology chemistry has a big future. I can realize myself in this field of science. I am a sociable person, I like to meet new people, make new friends. Also I feel myself great when I can help someone, when I can share my knowledge, my experience with people. I am really happy to join the big al-Farabi student community. I will try to actively participate in all university activities to enrich my student life. I am confident that I will become one of the best students!

**Zhansaya KARL**

### ALL WILL BE FINE!!!

I am studying at al-Farabi Kazakh National University, which I am proud of. While I was choosing my future specialty and the University, I mainly payed attention to the quality of education, because in the future I wanted to become a good specialist in my field. I thought it is important not to be limited to one profession for life. I Found it right to study at a University where I will be given this opportunity to make my dreams and goals a reality. After all, we are the citizens of the 21st century, life in this world and civilization as a whole demand that you should take the right decisions. You must be strong in order to survive in this world. To do this, you need a solid core, and it is a high quality education. My University now offers a big variety of opportunities to its students. I have big plans : I would like to visit foreign countries and see how students And I chose al-Farabi University, because this University cooperates with many leading foreign universities in the world. It also offers an exchange program that plays an important role in the educational process. At the moment there is a huge"but". Because of the complicated critical situation in the world, it is very difficult for us to implement our plans. All people do their work remotely. As they say, the coin has two sides, there are pros and cons. To begin with, I believe that meeting in the classroom with the teacher and your groupmates is great!!! Since I am a future chemist, it is important for me to combine practical and theoretical knowledge. Now I am receiving only theoretical knowledge and I'm worried .... After all, no one knows how long this situation will be continuing. Also the fact that I spend as much as 8-10 hours a day in front of the computer because we have lived to the point that without it we are tied hand and foot. All students of different levels, some of them are good at learning information, and some of them are not, the teacher can't physically keep track of it. And , I noticed a deterioration in my health, which is very upsetting. As an English proverb "Every cloud has a silver lining" says on-line classes are not devoid of advantages, I want to note that we can save time on the trips and the feeling of comfort that you are at home in a comfortable environment is very soothing. I'm optimistic: we'll have plenty of time for self-realization. That's all. I would like to thank the teachers for their patience and work. After all, the teaching profession itself is not an easy one,

and there is still such a situation with the virus. I find it very difficult to work in such conditions, but our teachers are doing very well. That's why I love my University. In no way do I regret that I came here.

**Kalamkas ESIM**

\*\*\*

Student life is the brightest period of our life. It is a combination of learning and fun. This is the time when we start our adult life and become responsible for ourselves. Choosing the University where you will study is just as important as choosing your future profession. After I have successfully passed the exam (UNT) I had to choose a University. My choice fell to al-Farabi University. I was incredibly happy to be the winner of a state scholarship and now I am a student of al-Farabi Kazakh National University . It is the prestigious universities in Kazakhstan. I already experience that the teachers here are highly competent and students as well, because this year only the school graduates who scored high at State Ex. could have the privilege to become al-Farabi University student.

I study at the faculty of chemistry and chemical technologies. I chose this profession, because it is interesting for me, there are also many fields and areas of chemistry and in the future I can work in different places. For example, in a laboratory like a pharmacist, in research institutions and also I can be a teacher.

Now because of the situation in the world we have to stay at home and learn remotely. And this has its pros and cons. Advantages of distance learning: we can stay at home with our family and we can study in a comfortable atmosphere for us. The disadvantages of distance learning: we can't see our groupmates and teachers in a real life because we stay in different cities, we can't feel and spend real student life. Sometimes we may not understand some tasks and lessons and it can be difficult to explain them again online. And we have to sit in front of the computer all day long and this is dangerous for our health. I think that living in a dormitory with friends might be interesting , after lessons we could spend time together and we could help each other with our homework. But distance learning deprives us of this. I look forward to the day when I will finally attend the University and see my classmates and teachers. I hope that the situation in our country and around the world will improve and we can study offline.

**Zhibek YESZHANOVA**

*These are my students'(group101 XI) stories about their life and studies under Covid 19 Pandemy. Unconditionally, now everybody and everywhere lives, works and studies in hard times. The most important thing in such situation is not to get infected! To do our best to take care of our family and friends!*

**A. MULDAGALIYEVA**

**Университетімізде ғалым, білікті профессор С.М. Жақыповтың 70-жылдығына арналған «Отандық және әлемдік психологияның жағдайы мен даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.**

# МЕРЕЙТОЙ АЯСЫНДАҒЫ МАЗМҰНДЫ КОНФЕРЕНЦИЯ



көзқарастарыңызға көрінбейтін түрде әсер етеді. Адам психологиялық тұрғыда тек өзінің ішкі әлемінде ғана шынайы азат болғандықтан, олар бізге мағына беретін аса маңызды жақын тұлғаларға айналады. Осы конференция барысында Сатыбалды Жақыпов тұлғасының қаншама адамдардың өмірінде елеулі із қалдырғанын байқадық. «Адам өзі жеке үлесін қосқан адамдар жадында

*Қазақстанның психология ғылымы тарихында айырықша орын алған, оның институционалдануына зор үлес қосқан Сатыбалды Жақыпов ағамызға арналған конференция өте ауқымды әрі қызықты болды. Бес сағаттан астам созылған ғылыми іс-шара ешкімді бей-жай қалдырмады. Конференцияға қатысушылар уақыттың қалай сырғып өткендігін білмей қалғандықтарын айтады. Конференция барысында қазіргі психология ғылымының өзекті мәселелері талқыланады, ғалымдар психологиялық-педагогикалық, тарихи-психологиялық зерттеу нәтижелерімен бөлісті, әлемдік зерттеу үлгілері мен тәжірибелермен алмасу жүрді. С.М. Жақыповтың қатарлас замандастары, әріптестері мен шәкірттері ол туралы естеліктерімен бөлісіп ғалымды көрмеген кейінгі жастарға көп тағлымдық құнды дүниелер берді.*

мәңгі тірі» деген сөз рас екен. Қазақ оны «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» деген мақал арқылы білдіреді.

Конференцияның ашылуында сөз сөйлеген философия және саясаттану факультеті деканы философия ғылымдарының докторы, профессор А.Р.Масалимова бұл бас қосудың ерекше жағдайда орын алып отырғанын айтты. Әлемді жайлаған пандемия жағдайында қашықтықтан ғылыми пікір алмасуға көшудің өз артықшылықтары мен кемшіліктері барын, онлайн-талқылау арқылы болса да ғылыми коммуникация үздіксіз жалғаса беретінін тілге тиек етті.

Біз үшін онлайн-форматта өткен конференцияның пленарлық мәжілісінде сөз сөйлеген ғалымдардың арасынан шетелдік зерттеушілердің, мамандардың пікірі өте маңызды болды. Елімізге, қазақстандық ғалымдарға деген олардың қатынасын байқау, қаншалықты

отандық ғалымдарымыздың әлемдік деңгейде мойындалуын біліміз келді. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы, ұзақ уақыт МГУ-дің психология факультетінің жалпы психология кафедрасының меңгерушісі болған Б. С. Братусьтің Сатыбалды Жақыпов туралы айтқан естеліктері қазақ ғалымдарының зияткерлік деңгейі ешкімнен кем емес екендігіне көзімізді жеткізді. Бойымызды мақтаныш сезімі кернеді. Кез келген ғылыми ортада ұялмай бетке ұстанатын ғалымдарымыз бар екен. Таяу және алыс шетелдердің ғылыми ортасы С. М. Жақыповты экспериментші-психолог және өзіндік бірегей бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясының авторы ретінде танитынын білдік. Түркітілдес көрші ел – Өзбекстанның ғалымдары да, атап айтсақ, психология ғылымдарының докторы, профессор Б.Р. Кадыров С.М. Жақыповтың ғылыми деңгейін өте жоғары бағалады. Сонау кеңес заманының өзінде-ақ, яғни, 1974 жылдары өзбек тілінде психолог мамандарды даярлауды қолға алған Өзбекстан бізбен салыстырғанда

Әсіресе, ана тілімізде тұңғыш рет психологиядан докторлық ғылыми диссертациялар қорғалды. Украина мен Грузия, Эстония психологтары жеткен мүмкіндіктерге қазақтар да тәуелсіздік заманында кешірек болса да ие болдық.

Конференцияға қатысушылар Германияның Бад Вильдунген қаласындағы «Рейнхардшохе» оңалту клиникасында қызмет ететін, Лейпциг университетінің профессоры А.И. Гарбердің «Қазақстандағы стрессті зерттеулерге шолу: қазіргі жағдайы және болашағы» деген баяндамасын қызыға тыңдады. Отандық ғалымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасау нәтижесінде стресске қатысты бірнеше кітаптар жарық көріпті. Бүгінгі індет жағдайында стресске төзімділіктің маңызы ара түсетіні анық.

Гонконгтық қытай университеті профессоры, психология бойынша PhD докторы (Шеффилд университеті, Ұлыбритания), Британдық психологиялық қоғамдастығы мүшесі, практик психолог әрі ғалым Мэн Чеун Чунгтің түрмеде отырғандардың психикалық бұзылыстарына жарақаттан кейінгі стресстің әсері туралы зерттеуі болашақ ізденушілер мен магистранттарға ғылыми үлгі ретінде пайдасы үлкен болды.

Философия ғылымдарының докторы, профессор м.а., Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің ОӘБ-нің ғылыми хатшысы (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) А.С. Сырғақбаеваның «Қазіргі құндылық бағдарсыздану жағдайында әл-Фарабидің этикалық идеяларын түсіну» атты баяндамасында қазіргі өркениет жағдайында технологиялық және рухани даму арасындағы теңгерімнің бұзылғаны, тұлғаның адамгершілік дамуынан ғылым мен техниканың дамуы ілгері кетіп қалғаны айтылады. Мұндай жағдайда біздің ұлы жерлесіміз әл-Фараби трактаттарындағы ізгілік категориясының маңызы арта түседі.

Пленарлық мәжілістің қорытынды сөзін тұжырымдаған психология ғылымдарының докторы, профессор Бердібаева Света Қыдырбековна әлі тарих беттеріне түспеген тың деректерді келтірді. Қазақстандағы психология ғылымының қанат жаюына атсалысқан ғалымдардың есімдері аталды. Мұның бәрі болашақта арнайы тарихи-психологиялық зерттеуді қажет етер. Тау алыстаған сайын биіктей түседі дегендей жылдар жылжыған сайын С.М. Жақыповтың даралығы, тұлғалық ерекшелігі мен тарихи рөлін енді ұғынып жатырмыз. Ең бастысы бұл конференция көп адамдарға үлкен ой салып кетті. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген хакім Абайдың сөзі осы конференцияның негізгі мәнін ашқандай.

**Н. ЖҰБАНАЗАРОВА,  
Ж. СЕЙІТНҰР,**

жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушылары

**В этом году 60-летний юбилей отметил ученый-ботаник, фитогеограф, специалист в области экологии, охраны природы и биологических ресурсов, доктор биологических наук, профессор, действующий член (академик) Академии педагогических наук Казахстана Аралбау Нугману Кулдарбекулы. Выдающийся ученый внес неоценимый вклад в развитие казахстанской науки.**



историческим целостным образованием, состоящим из видов на естественно ограниченной территории. При этом флора является системой, а самой элементарной единицей этой системы обозначены флорогенетические (флористические) комплексы. При таком подходе вид растений рассматривается как популяционно-генетическая система. Сегодня такой подход применяется почти во всех флористических исследованиях в Казахстане.

Н.К. Аралбай – известный специалист в Казахстане по вопросам биоразнообразия, экологии и охраны природы. Он автор перевода на казахский язык основного текста «Конвенций о биологическом разнообразии (Рио-де Жанейро, 1992)»; входил в коллектив авторов-разработчиков Национального плана действий по борьбе с опустыниванием

*Нугмана Кулдарбекулы отличает кипучая творческая энергия, научная увлеченность и целеустремленность. Он обладает талантом научного руководителя, способностью ставить крупные научные проблемы, объединять в коллектив учеников и единомышленников.*

(Кокшетау, 1999) и Национальной стратегии и плана действий по сохранению и сбалансированному использованию биологического разнообразия в Казахстане (Кокшетау, 1999). В рамках подготовки этих стратегии и планов действий Н.Аралбаем впервые дана количественная оценка ботанического разнообразия Казахстана, а также впервые определены и научно доказаны тенденции и направления трансформации флоры при процессах опустынивания.

Ученый является последовательным проводником идеи о том, что всякая практическая деятельность по охране природы должна начинаться с кадастровой оценки компонентов экосистем в регионах. Он является автором научной формулировки понятия «Государственный кадастр растений» в Национальной энциклопедии. Под его научным руководством разработаны 3 региональных Государственных кадастра – Южно-Казахстанской, Жамбылской и Мангистауской областей. Под редакцией Н.К. Аралбая они изданы в виде коллективных монографий. С каждым разом научный подход составления

# ЮБИЛЕЙ УЧЕНОГО

кадастра усовершенствуется, становится насыщенно информативными. Аралбай Н.К. ведет большую просветительскую работу. Он участвовал в написании многих научно-популярных энциклопедий, является одним из разработчиков-составителей и ответственным редактором 2-го издания Красной Книги Казахстана (растения). Им сформулирована концепция научно-методологических константных тандемов «Растение – Вода»; «Растение – Почва»; «Растение – Воздух», «Растение – Биологическая безопасность». Данная концепция значительно обогатила теоретические аспекты экологии и охраны природы.

Именно Н.К. Аралбай впервые в Казахстане начал разработку проблем урбанофлоры. По этой проблеме под научным руководством защищены 2 кандидатские диссертации, в которых приведены интересные данные об индикаторной роли видового состава урбанофлоры, о роли улучшения микроклимата городской среды, о рекреационном значении и оптимизации окружающей среды и мн. др.

На протяжении десятилетий расширялся круг его научных интересов. В Казахстане Аралбай Н.К. известен также своими биогеографическими идеями, разработками и публикациями. Он разносторонне развивает методы флористического районирования, основанного на ранге эндемичных таксонов. Его работы всегда основаны на большом объеме экспедиционных и лабораторных данных. В них

и производителей при решении не только теоретических, но и практических задач. Все научные труды Нугмана Кулдарбекулы отличаются высочайшим качеством, среди коллег он пользуется глубоким уважением как скрупулезный редактор.

Большой пласт работы Н.К. Аралбай выполнил в области подготовки научных кадров. Под его научным руководством успешно защищены 13 кандидатских и 15 магистерских диссертаций. Одна из его учениц впоследствии защитила докторскую диссертацию по флористике. Долгие годы Н.К. Аралбай был экспертом ВАК (ныне ККСОН) МОН РК по биологии.

Обширна и преподавательская работа Нугмана Кулдарбекулы. Профессор читает лекции по биологическим предметам в КазНАУ, спецкурсы для студентов по многим профильным и базовым дисциплинам, неизменно руководит курсовыми и магистерскими, а также работами НhD докторантов. Он всегда помогает в работе молодым преподавателям, внимателен к проблемам студентов, аспирантов и сотрудников университета.

Ученый известен также как организатор науки. Он прошел путь от младшего научного сотрудника до директора Института, пройдя все ступени научной карьеры. Он является научным руководителем и консультантом многих проектов – обладателем грантов МОН РК. Его жизнь и профессиональная деятельность неизменно подчинены одному правилу – скромность, безукоризненная справедливость и честность со студентами, аспирантами и коллегами. Для молодых коллег и учеников Нугман Кулдарбекулы – пример честного отношения к науке, любви к природе и уважительного отношения к людям.

Ему присущи оптимизм, энергия и активная жизненная позиция, живой интерес к событиям в мире, политическим и социальным проблемам. Все вышеизложенное свидетельствует о том, что Аралбай Н.К. в настоящее время представляет собой крупного ученого биолога с глубоким пониманием проблем ботанической науки, биогеографии, экологии Казахстана с энциклопедическими знаниями. Его широкая эрудиция, открытость, живая мысль и непревзойденное остроумие притягивают людей. Нугман Кулдарбекулы – сердечный, доброжелательный и обаятельный человек, интересный собеседник. Он всегда готов прийти на помощь и дать добрый совет. Крепкого здоровья, дальнейших творческих успехов и новых достижений на благо отечественной науки.

**А. КУАТБАЕВ,**

*член-корр. Академии педагогических наук РК, к.б.н.*

**С. ТУГЕЛЬБАЕВ,**

*зам. декана факультета Географии и природопользование, к.г.н.*

## РАЗНОСТОРОННИЙ УЧЕНЫЙ

Нугман Кулдарбекулы – исключительно разносторонний и глубокий ученый, он открыл 4 новых таксона растений, ранее не известных в науке, внес дополнение в эволюционную классификацию реликтов и эндемиков.

Впервые в Казахстане при анализе флор, и вообще во флористических исследованиях, он применил экологический подход. В соответствии с этим, флора понимается эволюционно-

**Quacquarelli Symonds (QS) беделді рейтинг агенттігі QS World University Rankings 2021 жоғары оқу орындарының жыл сайынғы рейтингісінің нәтижелерін жариялады. Рейтингке Қазақстанның 10 университеті кірді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 165 орынға ие болып, ең үздік нәтижені көрсетті.**



Университет 2015 жылдан бастап өз көрсеткіштерін жақсартып келеді және биыл алғаш рет рейтинг кестесінде жылына 42 позицияға жоғары көтеріліп, әлемнің үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына қосылды. ЖОО-ның баспасөз хатшысы Дәурен Дүйсебаев атап өткендей, посткеңестік кеңістікте бұл топқа тек екі университет – Ломоносов атындағы ММУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кірді. Әлемнің жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды динамиканы көрсете отырып, тоғыз жыл ішінде университет 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте мұндай қысқа мерзім ішіндегі ілгерілеу шетелдік сарапшылардың назарын аударды, және де олар бұл серпінді "феномен" деп атаған. Халықаралық академиялық ортада мұны жоғары оқу орнының қарқынды дамуының жарқын мысалы ретінде белсенді талқылауда, көптеген шетел университеттерінің өкілдері ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін алуда.

Рейтингті құру кезінде алты көрсеткіш ескерілді: академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, дәйексөз индексі, студенттер мен оқытушылардың арақатынасы, халықаралық қызметкерлердің үлесі және шетелдік студенттердің үлесі. Техника ғылымдарының докторы, профессор және Дүниежүзілік өнер және Ғылым

Академиясының (The World Academy of Art and Science) мүшесі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлының басшылығымен, үздік мамандар тобы жаңа тәсілдерді еңгізу және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін белсенді жұмыс жасады. Рейтинге білім мен ғылымның жаңа деңгейіне көшуге ықпал ететін ҚазҰУ-дағы кешенді құрылымдық жаңғырту ерекше атап өтілген. Сонымен қатар жетекші шетелдік университеттермен бірге қос диплом бағдарламалары және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның арқасында соңғы жылы шетелдік студенттер саны 15 есеге артты. Бұдан бөлек университетте ғылыми-білім беру орталықтары ашылған, нәтижесінде ғылыми жобалар саны 2,5 еседен астам

ұлғайды.

Халықаралық сарапшылардың берген жоғары бағасы-университет ұжымының, соның ішінде 16 факультеттің және 67 кафедраның қажырлы еңбегінің нәтижесі. "Математика" мамандығының қолданбалы математикасына қатысты математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасы айтарлықтай үлес қосты. 2015-2019 жылдар аралығында Математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы Scopus базасындағы рецензияланатын ғылыми басылымдарда 77 ғылыми мақала жариялады. Олардың 29 – ы Scopus базасындағы бірінші және екінші квартилдерге, 42-і бірінші, екінші және үшінші квартилдерге кіреді. Кафедраның жоғары рейтингілі ғылыми журналдардағы жарияланымдары – 11.3 %, жалпы дәйексөзділік – 302, жеке жарияланымның дәйексөзділігі – 3.9, халықаралық университеттермен және институттармен бірлескен-15.6% құрайды.

Қазақ ұлттық университетінің басқа халықаралық рейтинг тізімдеріндегі жоғары позициялары математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасының әлемдік бәсекеге қабілеттілігін растап отыр. Кез – келген рейтинг белгілі бір мағынада "сапа белгісі" болып табылады.

**А. ИСАХОВ,  
П. ОМАРОВА,**

*математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасының оқытушылары*

**Елімізде ойып тұрып орын алар, әлемдік аренада да өзіндік қолтаңбасы бар, терең тарихы бар, атақты да танымал түлектер ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – біздің мақтанышымыз.**

## Университетіммен мақтанамын!

Жоғары оқу орнына түскеніміз міне 6-жыл толып отыр. Оқуға түскеннен ақ университетіміз жүрегімізнен орын алып үлгерді. Оның ішінде Экономика және бизнес жоғары мектебінің үлесі салмағы бір төбе. Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге шет елдердің тарихын, құқығын, тілін, саясатын және экономикасын оқитын еліміздің алғыр студенттері осында жиналған.

Мен «Экономика» мамандығында оқимын. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің болашағы – жастардың қолында» демекші, келешекте Қазақстан Республикасының экономикасын өзге елдермен салыстыра отырып жақсартуға біздің мамандықтағы шәкірттер орасан зор үлес қосады деп сенемін. Экономика маманы қандай болу керек, экономика деген не, ол қайдан бастау алған, тағы да басқа көптеген сұрақтармен жаңадан танысып, экономика ғылымына алғашқы қадамымызды осы факультеттен бастаған болатымын. Апта сайын факультетімізге неше түрлі спикерлер мен

бизнесмендер келіп өз тәжірибелерімен бөлісіп, сабақ өтеді. Бұл біз үшін үлкен мүмкіндік. Қазіргі таңда сол мүмкіндікті жібермей қолданып өз мамандығым бойынша қара шаңырағымыз ҚазҰУда алған білімімізді тәжірибеде қолданып жұмыс жасап жатырмын

Өмірімнің жарқын сәттерінің бірі – мектепте 11 жыл бірге оқыған сыныптастарымды жарқын болашаққа саяхат станциясында – ҚазҰУ қалашығында жолықтыру, шытырман оқиғаға толы үлкен өмірге бірге аттану. Міне, араға аз жылдар салып, барлығымыз алған білімімізді тәжірибеде қолданып жақсы мамандар атандық.


Білім нәрімен сусындап, үлкен өмірлік тәжірибе жинаған Альмаматер ҚазҰУ-ыма, оқытушыларыма алғысым шексіз. Үлкен белестерге саяхатты ҚазҰУ қалашығынан бастайық!

**Мөлдір АЙТҚАЗЫЕВА,**

*Экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс магистранты*

## ЖЕҢІМПАЗ

**Механика-математика факультеті механика кафедрасының докторанты Наукенова Алтынай академик Ш.Есенов атындағы ғылыми-білім беру қорының «Әлем зертханаларында ғылыми тағылымдамалар – 2020» бағдарламасы бойынша «Әлем зертханаларында ғылыми тағылымдамалар» байқауының жеңімпазы атанды.**



Бағдарлама әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу зертханаларында ұзақтығы 3 айға созылатын жазғы тағылымдамадан өтуге 17 грантты ұсынды. Бағдарлама PhD дәрежесін алып, болашақта Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысқысы келетін дарынды қазақстандық студенттер мен белсенді ғылыми қызметкерлерді қолдауға бағытталған.

Грант мөлшері - 7500 доллар.

Байқау шарты бойынша 17 гранттың

10-ы бакалавриаттың 2-3 курс студенттеріне, 7 грант бакалавриаттың соңғы курс студенттеріне, магистратураның 1-2 курстары мен қазіргі зерттеушілерге бөлінді. Сол 7 гранттың бірін біздің Алтынай жеңімпаз алды! Құттықтаймыз!

**Д.ТУРАЛИНА,**

*механика кафедрасы меңгерушісінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

**В КазНУ им. аль-Фараби состоится онлайн-встреча с представителями республиканского информационно-просветительского штаба при Агентстве РК по противодействию коррупции**



ҚазҰУ түлкісі

**Республикалық «Qazaq Geograpy» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Менің Қазақстаным» фотобайқауында «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» номинациясы бойынша ҚазҰУ-дың философия кафедрасының оқытушысы, докторант Досжан Балабекұлы жеңімпаз атанды.**

Шара Қазақстанның экологиясына арналған және қоғамның назарын біздің ұлан-байтақ еліміздің табиғатына аудару және оны сақтау қажеттілігі, туған елге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу және табиғи байлыққа ұқыпты, жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында өткен.

Байқауға еліміздің әр аймағынан үш номинация бойынша сурет қабылданды. Олар: Қазақстанның экология және қоршаған ортасы, Қазақстанның флорасы мен фаунасы және Қазақстанның табиғаты номинациялары.

Фотобайқауға табиғат түсірілімдерінің кіл мергендері қатысқан. Әр қатысушының

өзіндік шығармашылығы, жұмыстарының тартымдылығы, әдемілігі мен шеберлігі бар. Сондықтан, қазылар алқасы үздік жұмысты анықтау оңай болмағанын жасырмады.

Байқауда бірінші орынға ие болған Досжан Балабекұлы өзінің бес суретін ұсынған, нәтижесінде бір суреті байқаудың үздік жұмысы деп танылды. Байқауға жүлде "Қазақстанның флорасы мен фаунасы" номинациясындағы Досжанның суреті ҚазҰУ қалашығында түсірілген жабайы түлкінің бейнесі. Қазылар алқасы, жабайы аңның осы суретін бірінші орынға ұсыныпты.

## ҚАЗҰУ ОҚЫТУШЫСЫ ФОТОБАЙҚАУДАН ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Нәтижесінде, Досжанға «Qazaq Geograpy» қоғамдық бірлестігі ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Досжан үнемі ізденісте жүреді. Ол ҚазҰУ докторанты, оқытушысы, ақпарат маманы. Бос уақытында сүйікті ісі-фотографиямен шұғылданады. Оның шығармашылығы қала келбеті мен табиғат көріністеріне арналады. Көпшілік оқырман, Досжанды әлеуметтік желідегі парақшаларындағы жұмыстары арқылы таниды. Бүгінде оның суреттері фотобайқаулар мен көрмелерге жиі қойылады.

Сондай-ақ, осы байқау аясында қосымша tengritravel.kz онлайн дауыс беру бойынша да жеңімпаздар тізімін жариялады. Аталған номинацияда, Досжан Балабекұлының "Шұбайқызыл қызғалдағы" атты фотосуреті екінші орынға ие болды. Жеңімпазға tengritravel.kz фирмалық сыйлықтарын табыс етті. Құттықтаймыз!

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия кафедрасының  
профессоры



Көлді төрлеген таумен



Түзкөл



Күн мен қызғалдақ

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА,  
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.